

№4 Педагогикалық кеңес

Хаттамасы

29 наурыз 2024 жыл

Тақырыбы: «Балабақша мен мектеп сабақтастығы — болашақ білімнің іргетасы»

- **Мақсаты:** Ересек топ балаларының мектепке психологиялық және интеллектуалдық дайындығын тексеру, мектеппен байланысты нығайту
- **Күн тәртібінде қаралатын мәселелер**
 1. Ересек топ балаларының мектепке дайындық деңгейін диагностикалау қорытындысы
 2. Ата-ана мен балабақша арасындағы сабақтастық жоспарының орындалуы
 3. Балалардың бойында ерік-жігер, өзіндік бақылау дағдыларын қалыптастыру.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова Мектеп жасына дейінгі балалардың білік, дағдылары мен құзыреттіліктерінің даму деңгейін (бастапқы, аралық, қорытынды) талдау, мектепке дайындық сапасын анықтау және келесі оқу жылына міндеттер белгілеу. Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес, ағымдағы оқу жылында мектепалды даярлық топтарында балалардың даму деңгейіне мониторинг жүргізілді. Диагностика баланың 5 негізгі білім беру саласы бойынша құзыреттіліктерінің қалыптасуын қамтыды:

- «Денсаулық»
- «Қатынас»
- «Таным»
- «Шығармашылық»
- «Әлеуметтік орта»

Балалардың даму деңгейі 3 деңгей бойынша бағаланды: I деңгей (төмен), II деңгей (орташа), III деңгей (жоғары). Салыстырмалы кесте үлгісі (Оқу жылының басы мен соңы): Кейбір балаларда қолдың ұсақ моторикасының әлі де баяу дамуы (жазуға дайындық кезінде байқалады). Дыбыстарды айтуда (логопедиялық тұрғыдан) аздаған кемшіліктері бар балалар кездеседі.

Кейбір тәрбиеленушілердің зейін тұрақсыздығы және ерік-жігер (сабырлық) сапаларының жеткіліксіздігі.

Екінші мәлеле бойынша балабақша әдіскері У.М.Гумарова

Ата-ана мен балабақша арасындағы сабақтастық — бұл жай ғана ақпарат алмасу емес, бұл ортақ мақсатқа (баланың жарқын болашағына) бағытталған біртұтас жүйе. Осы сабақтастық дұрыс жолға қойылғанда ғана бала мектеп алды даярлықтан мүдірмей өтіп, әлеуметтік ортаға тұлға ретінде толыққанды бейімделе алады.

Үшінші мәлеле бойынша Балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова

Баланың бойында ерік-жігер және өзіндік бақылау дағдыларын қалыптастыру — бұл бір күнде бітетін шаруа емес, бұл ұзақ мерзімді процесс. Бұл қасиеттер баланың болашақта мақсатқа жете білуіне, стреске төтеп беруіне және өмірде өз орнын табуына тікелей әсер етеді. Балаға бұл дағдыларды үйретудің ғылыми негізделген және тәжірибеде тексерілген тиімді

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Мектепалды даярлық тобы тәрбиешілері мен мамандарының оқу жылы бойы атқарған жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын. Диагностика қорытындысы бойынша мектепке баруға дайын деп танылған балалар мектеп табалдырығын аттауға ұсынылсын

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

2. Тәрбиешілерге: Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың қол моторикасын дамытуға арналған ойындарды (құммен жұмыс, мүсіндеу, сурет салу) жиі ұйымдастыру жүктелсін. Мектепке психологиялық дайындығы төмен және дыбыстық нұқсаулары бар балалардың ата-аналарына жазғы уақытта баламен үйде жұмыс істеуге арналған жеке кеңестер мен нұсқаулықтар берілсін.

Мектеп пен балабақша арасындағы сабақтастықты нығайту мақсатында, балалардың даму карталары уақытылы толтырылып, ата-аналарға табысталсын.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

3. Бірыңғай талаптар жүйесі: «Балабақшада болады, үйде болмайды» (немесе керісінше) деген қарама-қайшылық жойылады. Бұл балада дұрыс әдеттердің, тәртіп пен мәдениеттің тез қалыптасуына көмектеседі.

- Жас ерекшеліктерін ескеру: Тәрбиешілер ата-анаға баланың жас ерекшелігіне сай қандай дағдыларды дамыту керектігін бағыттап отырады, ал ата-ана оны

